

***2-ДӘРІС.* Конфликт  
қоғамдық өмірдің  
әлеуметтік феномені  
ретінде**

1. «Әлеуметтік конфликт» ұғымы.
2. Конфликттің субъектілері мен қатысушылары.
3. Конфликт нысаны.

Әлеуметтік конфликт – бұл қажеттілік, мүдделер мен құндылықтарының сәйкес келмеуі себебінен әлеуметтік өзара әрекеттесудің екі немесе одан да көп қатысушылары және субъектілерінің ашық қарсыласуы, қақтығысуы болып табылады.

Әлеуметтік конфликттер қарсы әрекеттің формасы, тәсілі және қарқындылығына байланысты

- ерікті және еріксіз
- жоғары қарқынды және төмен қарқынды
- ашық және жабық (жасырын)

Болу уақытына байланысты

- ұзақ мерзімді және жылдам

Таралу масштабына байланысты

- жергілікті және кең масштабты

## 2. Конфликттің субъектілері мен қатысушылары

### Конфликттің субъектісі

- бұл конфликт жағдаятын туғызуға қабілетті және өз мүдделеріне байланысты конфликт барысына әсер ететін белсенді тарап.

### Конфликт қатысушысы

- саналы түрде (немесе қарама-қарсылық мақсаттары мен міндеттерін толығымен түсінбей тұрып) конфликтке қатыса алуы мүмкін, сондай-ақ кездейсоқ немесе өз еркінен тыс конфликтке тартылуы мүмкін.

Тікелей қатысушылар;

Жанама қатысушылар:

- а) конфликтті өршітуі және оның дамуына түрткі болуы мүмкін;
- ә) конфликттің қарқындылығын кемітуге немесе оның толығымен аяқталуына негіз болуы мүмкін;
- б) екі тараптың бірін немесе екі тарапты да қолдауы мүмкін.

Қарсы пікір  
білдірушілердің  
(конфликт  
субъектілерінің)  
дәрежесін (ранг)  
анықтаудың  
төмендегідей тәсілін  
ұсынды:

Бірінші дәрежелі (ранг)  
оппонент (қарсы пікір білдіруші)  
– жеке өз атынан шығатын және  
өзінің жеке мүдделерін көздейтін  
адам.

Екінші дәрежелі (ранг) оппонент  
(қарсы пікір білдіруші) – топтық  
мүддені қорғайтын жеке  
индивидтер.

Үшінші дәрежелі (ранг) оппонент  
(қарсы пікір білдіруші) – өзара  
бір-бірімен тығыз байланыстағы  
топтардан тұратын құрылым.

Жоғары дәрежелі (ранг) оппонент  
(қарсы пікір білдіруші) – заң атынан  
шығатын мемлекеттік құрылымдар

### 3. Конфликт объектісі (нысаны)

Конфликттің міндетті элементтерінің бірі объект, яғни, нақты себеп, уәждеме, конфликттің қозғаушы күші болып табылады. Барлық объектілер үш түрге бөлінеді

Бөліктерге бөлінбейтін объектілерді біреумен бірге игеру мүмкін емес.

Конфликт қатысушылары арасында түрлі мөлшерде бөлінетін объектілер.

Конфликт қатысушыларының екеуі де бірге игеретін объектілер. Бұл «алдамшы конфликт» жағдаяты болып табылады.



## Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

- 1.Әлеуметтік конфликт дегеніміз не?
- 2.Конфликт құрылымы қандай элементтерден тұрады?
- 3.«Конфликт субъектісі» және «конфликт қатысушысы» ұғымдарын сипаттаңыз?
- 4.Конфликттің тура және жанама қатысушыларының айырмашылығын түсіндіріңіз.
- 5.Пікір білдірушілердің (конфликт субъектілерінің) дәрежесін (ранг) анықтаудың тәсілдерін жазыңыз.
- 6.«Конфликт тараптары» ұғымын сипаттаңыз.
- 7.«Конфликт объектісі» ұғымы және конфликт объектісінің үш түрін түсіндіріңіз.

## **Негізгі әдебиеттер**

1. Здравомыслов А. Г. Социология конфликта. — М., 1995. — С. 90-91, 103.

## **Қосымша әдебиеттер**

1. Амелин В. Н. Социология политики. — М., 1992. — С. 149.
2. Бородкин Ф. М., Коряк Н. М. Внимание: конфликт! - Новосибирск, 1984. - С. 13,18,
3. Введение в теорию международного конфликта. — М., 1996. — С. 17,96.
4. Конфликт и пути его разрешения. — Куйбышев, 1990. — С. 8.